

**Қазақстан Республикасының уран кен орындары бойынша запасы және геологиялық-экономикалық сипаттамасы туралы мәліметті ашу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 тамыздағы N 708 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

***Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.***

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке (АТЭХАГ) енгізу әрі уран және оның өнімдерін сатуға республика үшін квота алу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
қ а у л ы е т е д і :

1. Уванас, Қанжуған, Жалпақ, Мойынқұм, Мыңқұдық, Қарамұрын, Еркөл, Қолжат, Төменгі іле, Сұлушоқы уран кен орындары бойынша запас пен геологиялық-экономикалық сипаттама туралы мәлімет ашылсын.

2. Баспасөзде жариялау және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке, Лондондағы уран институтына және басқа халықаралық ұйымдарға беру үшін Қазақстан Республикасындағы уранның жиынтық запасы мен ресурстары жөнінде мәлімет ашылсын.

***Қазақстан Республикасының***

***Премьер-министрі***